

Қаржы лизингі туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі N 78 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң қаржы лизингі процесінде туындайтын қатынастарды реттейді және лизинг қызметі негізінде инвестициялар тартуға бағытталған.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қаржы лизингін құқықтық реттеу

1. Қаржы лизингі туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңның, Азаматтық кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің нормаларынан тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта Қазақстан Республикасының қаржы лизингі туралы заңдарында көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

1-1-бап. Қаржы лизингі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары, міндеті мен қағидаттары

1. Лизингтік қызметті жүзеге асырудың құқықтық негіздерін белгілеу, қаржы лизингі саласында тиісті бәсекелес орта құру, лизинг алушылардың және лизинг берушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды құқықтық қамтамасыз ету қаржы лизингі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Лизингтік қызмет негізінде инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау қаржы лизингі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеті болып табылады.

3. Қаржы лизингі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары:

1) лизингтік қатынастар тараптарының тең құқықтылығы;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, лизингтік қызметті жүзеге асыру еркіндігі болып табылады.

Ескерту. 1-1-баппен толықтырылды – ҚР 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылған:

қаржы лизингі (бұдан әрі - лизинг) - лизинг беруші сатушыдан өз меншігіне сатып алған және лизинг шартымен келісілген лизинг нысанасын лизинг алушыға белгілі бір төлемақысына және белгілі бір талаптармен уақытша иеленуге және бір жылдан асатын мерзімге пайдалануға беруге міндеттенетін инвестициялық қызметтің түрі. Бұл орайда

лизинг шарты бойынша лизинг нысанасын беру мына талаптардың біріне немесе бірнешеуіне сай келуге тиіс:

1) лизинг нысанасын лизинг алушының меншігіне беру және (немесе) лизинг алушыға тіркелген баға бойынша лизинг нысанасын сатып алу құқығын беру лизинг шартымен айқындалады;

2) лизинг мерзімі лизинг нысанасының пайдалы қызмет ету мерзімінің 75 процентінен асады;

3) лизинг төлемдерінің лизингтің бүкіл мерзімі ішіндегі ағымдық (дисконтталған) құны лизингтің берілген нысанасы құнының 90 процентінен асады;

лизинг беруші - тартылған ақша және (немесе) өз ақшасы есебінен лизинг нысанасын меншігіне сатып алатын және оны лизинг алушыға лизинг шартының талаптарымен беретін лизинг мәмілесіне қатысушы. Бір лизинг мәмілесінің шеңберінде , лизинг беруші бір мезгілде оның басқа қатысушысы ретінде іс-қимыл жасауға құқылы емес;

лизинг алушы - лизинг шартының талаптарына орай лизинг нысанасын қабылдайтын лизинг мәмілесіне қатысушы.

лизинг мәмілесі - лизингке қатысушылардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған келісілген іс-қимылының жиынтығы;

лизинг қызметі - лизинг берушінің лизинг шартының талаптарын орындау жөніндегі қызметі;

тұтынылмайтын заттар - пайдаланылған кезде тозатын, бірақ пайдалану процесінде табиғи қасиеттерін жоғалтпайтын жылжымалы және жылжымайтын мүлік;

сатушы - лизинг беруші лизинг нысанасын сатып алу - сату шарты немесе лизинг шарты негізінде лизинг нысанасын алатын лизинг мәмілесіне қатысушы. Сатушы бір мезгілде лизинг нысанасының лизинг алушысы (қайтарымды лизинг) ретінде іс-қимыл жасай алады;

лизинг мәмілесіне қатысушылар - жеке кәсіпкерлер болып табылатын жеке тұлғалар мен лизинг беруші және лизинг алушы ретінде іс-әрекет жасайтын заңды тұлғалар, сондай-ақ лизинг нысанасын сатушы ретінде іс-қимыл жасайтын жеке және заңды тұлғалар;

лизинг мерзімі - лизинг нысанасы лизинг шартына сәйкес лизинг алушыға уақытша иеленуге және пайдалануға берілетін мерзім. Бұл орайда лизинг берушіде лизинг нысанасына меншік құқығының сақталуы кезінде лизинг шартының мерзімінен бұрын бұзылуы лизинг мерзімін өзгертуге әкеп соқпайды.

Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.03.10. N 532; 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Лизингтің нысандары мен түрлері

Осы Заңмен лизингтің мынадай негізгі нысандары мен түрлері реттеледі.

1. Лизингтің нысандары:

1) ішкі лизинг. Ішкі лизингті жүзеге асырған кезде лизинг беруші мен лизинг алушы Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылады.

2) халықаралық лизинг. Халықаралық лизингті жүзеге асырған кезде лизинг беруші немесе лизинг алушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайды.

2. Лизингтің түрлері:

1) қайтару лизингі - лизингтің бір түрі, ол бойынша сатушы лизинг нысанасын лизинг берушіге осы лизинг нысанасын лизинг алушы ретінде лизингке алу талабымен сатады;

1-1) қайталама лизинг - лизинг берушінің өз меншігінде қалған лизинг нысанасы, лизинг шарты тоқтатылған немесе бұзылған жағдайда, осы Заңның 2-бабына сәйкес басқа лизинг алушыға лизингке берілетін лизингтің бір түрі;

2) банк лизингі - лизингтің бір түрі, мұнда лизинг беруші банк болып табылады;

3) толық лизинг - лизингтің бір түрі, ол бойынша лизинг нысанасына техникалық қызмет көрсетуді және оның ағымдағы жөндеуін лизинг беруші жүзеге асырады;

3-1) сублизинг - лизинг алушы (сублизинг беруші) осы Заңның 2-бабына сәйкес, бұрын лизинг шарты бойынша лизинг берушіден алынған және лизинг нысанасын құрайтын мүлікті төлемақысына және сублизинг шартының талаптарына сәйкес мерзімге уақытша иеленуге және үшінші тұлғаларға (сублизинг берушілерге) пайдалануға беретін лизингтің бір түрі;

4) таза лизинг - лизингтің бір түрі, ол бойынша лизинг нысанасына техникалық қызмет көрсетуді және оның ағымдағы жөндеуін лизинг алушы жүзеге асырады;

5) ислам лизингі – осы Заңның 2-1-тарауында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, ислам банк операцияларын жүзеге асыратын банктер қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті банк лицензиясы негізінде, сондай-ақ акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және банктер болып табылмайтын өзге де заңды тұлғалар жүзеге асыратын лизингтің бір түрі.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.03.10. N 532; 27.04.2015 № 311-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Лизинг нысанасы

1. Үйлер, ғимараттар, машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар, көлік құралдары, жер учаскелері және кез келген басқа да тұтынылмайтын заттар - лизинг нысанасы бола алады.

2. Бағалы қағаздар мен табиғи ресурстар лизинг нысанасы бола алмайды.

3. Заң актілерінде заттар мен жер учаскелерінің жекелеген санаттарын лизинг нысанасы ретінде пайдалануға өзге де шектеулер белгіленуі мүмкін.

4. Лизинг берушінің меншігінде қалған лизинг нысанасы, лизинг шарты тоқтатылған немесе бұзылған жағдайда оны лизинг беруші басқа лизинг алушының лизингіне одан әрі беру үшін пайдалануы мүмкін.

Мұндай лизинг нысанасын лизингке одан әрі берген кезде сатушыны және лизинг нысанасын таңдауды лизинг беруші жүзеге асырды деп есептеледі.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2004.03.10. N 532 Заңымен.

5-бап. Лизинг нысанасына меншік құқығы

1. Лизинг алушыға уақытша иеленуге және пайдалануға берілген лизинг нысанасына меншік құқығы, лизинг алушы лизинг шарты бойынша өзінің барлық ақшалай міндеттемелерін орындаған жағдайда жүзеге асыратын, лизинг шартының қолданылу мерзімі өткенге дейін (егер лизинг шартында мұндай өту көзделген болса) лизинг алушының меншігіне лизинг нысанасы ауысқан жағдайларды қоспағанда, лизинг шарты қолданылатын бүкіл мерзім ішінде лизинг берушіде сақталады.

2. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, лизинг алушы таратылған немесе банкрот болған кезде, егер лизинг бағасы төленбесе, лизинг нысанасы лизинг берушіге қайтарылуға жатады.

Лизинг нысанасына тыйым салуға және оны тәркілеуге жол берілмейді.

3. Егер лизинг шартында өзгеше көзделмеген болса лизинг нысанасын пайдалану нәтижесінде алынған өнім және өзге де кірістер (оның ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес кіріс деп танылатын субсидиялар), сондай-ақ лизинг алушы ажыратып алатындай дәрежеде жақсартқан лизинг нысанасы лизинг алушының меншігі болып табылады.

4. Лизинг алушы өз қаражаты есебінен және лизинг берушінің жазбаша келісімімен лизинг нысанасына зиян келтірмей ажыратуға болмайтындай дәрежеде жақсарту жүргізген жағдайда, егер лизинг шартында өзгеше көзделмеген болса, оның шарт тоқтатылғаннан кейін осы жақсарту құнының өтемін алуға құқығы бар.

5. Лизинг алушы лизинг берушінің келісімінсіз жүргізген ажыратуға болмайтындай дәрежедегі жақсарту құны, егер заң актілерінде немесе лизинг шартында өзгеше көзделмеген болса, өтелуге жатпайды.

6. Лизингке тапсырылған мүліктің меншік, шаруашылық жүргізу және оралымды басқару құқығының басқа тұлғаға көшуі лизинг шартын өзгертуге немесе бұзуға негіз болып табылмайды. Бұл орайда лизинг шартында айқындалған лизинг берушінің құқықтары мен міндеттері жаңа меншік иесіне көшеді.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.03.10. N 532; 07.03.2014 N 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Зандарымен.**

6-бап. Сублизинг

1. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде немесе лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, лизинг алушы лизинг берушінің жазбаша келісімімен лизинг нысанасын сублизингке өткізуге құқылы. Бұл орайда сублизинг беруші мен сублизинг алушы лизинг беруші мен лизинг алушы ретінде әрекет етеді және лизинг мәмілесіне осы қатысушылар үшін осы Заңда айқындалатын құқығы бар және жауаптылықта болады.

Бұл орайда лизинг алушының лизинг шарты бойынша лизинг төлемдерін төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін сублизинг алушыға аударуына лизинг берушінің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

2. Сублизинг шартын лизинг шартының мерзімінен асып кететін уақытқа жасауға болмайды.

3. Егер заң актілерінде немесе лизинг шартында өзгеше көзделмеген болса, сублизинг шартына лизинг шарты туралы ережелер қолданылады.

4. Егер лизинг шартында өзгеше көзделмеген болса лизинг шартын мерзімінен бұрын тоқтату соған сәйкес жасалған сублизинг шартын тоқтатуға әкеп соғады. Бұл орайда сублизинг алушы сублизинг шартына сәйкес өзінің пайдалануындағы лизинг нысанасына тоқтатылған лизинг шартының талаптарына сәйкес келетін талаптармен сублизингтің қалған мерзімі шегінде лизинг берушімен лизинг шартын жасасуға құқылы.

5. Егер лизинг шарты осы Заңда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде немесе басқа да заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп танылса, онда соған сәйкес жасалған қосалқы лизинг шарты маңызсыз болып саналады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.03.10. N 532; 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Зандарымен.**

7-бап. Лизинг алушының құқықтарын қорғау

Лизинг алушыға оның лизинг нысанасына құқығын қорғау меншік құқығын қорғаумен тең дәрежеде қамтамасыз етіледі.

Лизинг алушының лизинг шартының қолданылу кезеңінде талап-арыз беруге және өзіне тиесілі құқықтарды өз атынан өзге де жолмен қорғауға құқығы бар.

8-бап. Лизинг нысанасының лизинг алушының меншігіне өтуі

Ислам лизингі шартын қоспағанда, лизинг шартында лизинг алушының күні бұрын айқындалған баға бойынша лизинг нысанасын меншікке сатып алу құқығы не міндеттемесі көзделуі мүмкін.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.04.2015 № 311-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-бап.

Ескерту. 9-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасы 2004.03.10. N 532 Заңымен.

10-бап. Лизинг қызметін лицензиялау

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда лизинг беруші ретінде банктердің лизинг қызметін лицензиялауды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Өзге заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер болып табылатын жеке тұлғалар " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға қызметінің басталғандығы туралы хабарлама жібергеннен кейін лизинг беруші ретінде лизинг қызметін лицензиясыз жүзеге асырады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.07.10. N 483 , 2005.12.23. N 107, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.08.2015 № 343-V (01.04.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-ТАРАУ. ЛИЗИНГТІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

11-бап. Лизинг берушінің құқықтары мен міндеттері

1. Лизинг беруші:

1) өзіне тиесілі төленбеген лизинг төлемдерін, сондай-ақ шығынның орнын толтыруды талап етуге;

2) лизинг шартына сәйкес лизинг алушының лизинг шартының талаптарын орындауына бақылау жасауға;

3) лизинг алушы лизинг нысанасын қайтару жөніндегі міндеттемелерін бұзған жағдайда мерзімі кешіктірілген уақытқа төлем жасауды және шығынның орнын толтыруды талап етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда лизинг алушыдан лизинг нысанасын талап етуге құқылы.

2. Лизинг беруші:

1) лизинг алушымен келісілген лизинг нысанасын лизинг шартының талаптарымен лизинг алушыға беру үшін оны сатушыдан өз меншігіне сатып алуға;

2) сатып алу-сату шартын жасаған кезде лизинг нысанасы белгілі бір лизинг алушыға (сублизинг алушыға) лизингке беруге арналғаны туралы сатушыға жазбаша хабарлауға;

2-1) лизинг нысанасы жаңа лизинг алушының иеленуі мен пайдалануына берілгені (қайталама лизинг, сублизинг, міндеттемедегі тұлғалардың өзгеруі) туралы осындай берілу кезінен бастап бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша сатушыны жазбаша хабардар етуге;

3) лизинг нысанасын лизинг алушыға лизинг шартында келісілген талаптармен беруге;

4) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтер мен ақпаратты хабарлауға міндетті.

3. Лизинг шартында лизинг берушінің Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.03.10. N 532; 02.08.2015 № 343-V (01.04.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.09.2025 № 219-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Лизинг алушының құқықтары мен міндеттері

1. Лизинг алушы:

1) лизинг нысанасын лизинг шартының талаптарымен иеленуге және пайдалануға;

2) лизинг нысанасының сапасына және жиынтықтылығына, оны жеткізу мерзіміне қатысты және сатушы мен лизинг беруші арасында жасалған шарт тиісті дәрежеде орындалмаған басқа да жағдайларда сатушыға талап қоюға;

3) егер лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, лизинг беруші лизинг шартының талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайда лизинг беруші лизинг шарты бойынша лизинг алушы алдындағы өз міндеттемелерін орындағанға дейін төленуге тиісті лизинг төлемдерін тоқтата тұруға;

4) егер лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, лизинг беруші лизинг шартын біржақты тоқтатқан жағдайда, ол аванс ретінде төлеген лизинг төлемдерін кері қайтаруды талап етуге;

5) егер лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, лизинг нысанасы жеткізіп берілмеген, мерзімі едәуір өткізіліп жеткізіліп берілген немесе лизинг нысанасы мақсаты бойынша пайдалануға кедергі келтіретін кемшіліктері жойылмай жеткізіп берілген жағдайларда, лизинг алушының сатушыны және лизинг нысанасын таңдау жағдайын қоспағанда, лизинг нысанасынан бас тартуға не лизинг нысанасын ауыстыруды талап етуге, лизинг шартын бұзуға;

6) лизинг беруші лизинг шартының талаптарын орындамаса не тиісті дәрежеде орындамаса, залалдың орнын толтыруды талап етуге;

7) егер лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, егер лизинг алушы жауап бермейтін жағдаяттарға байланысты лизинг шартында көзделген пайдалану талаптары елеулі

түрде нашарлап кетсе, лизинг сомалары мен лизинг төлемдерін тиісінше азайтуды талап етуге құқылы.

2. Лизинг алушы:

1) лизинг нысанасын лизинг шартында көзделген тәртіппен қабылдауға;
2) лизинг төлемдерін дер кезінде төлеп тұруға;
3) лизинг нысанасын лизинг шартына сәйкес оның мақсатына сәйкес пайдалануға;
4) лизинг нысанасындағы қалыпты тозуды және тараптар келісіп алған өзгерістерді ескере отырып, лизинг беруші лизинг нысанасын оған қандай күйде берсе, сондай күйінде күтіп ұстауға;

5) егер лизинг шартында немесе заң актілерінде өзгеше көзделмеген болса, лизинг нысанасын өз есебінен күтіп ұстауға (оның ішінде лизинг нысанасына байланысты қажетті коммуналдық төлемдерді жасауға) және оған техникалық қызмет көрсетуге, оның ағымдағы жөндеуін жүзеге асыруға;

6) егер шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмеген болса, лизинг берушінің лизинг нысанасына қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Лизинг шартында лизинг алушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2004.03.10. N 532

Заңымен.

13-бап. Сатушының құқықтары мен міндеттері

Сатушының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарына және сатып алу-сату шартына сәйкес белгіленеді.

Лизинг шарты лизинг берушінің, лизинг алушының және сатушының қатысуымен жасалған жағдайда сатушының құқықтары мен міндеттері лизинг шартына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2004.03.10. N 532

Заңымен.

14-бап. Лизингке қатысушылардың жауапкершілігі

1. Лизинг берушінің, лизинг алушының және сатушының жауапкершілігі лизинг шартында, сатып алу-сату шартында және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.

2. Лизинг нысанасын сатушы, сатушы мен лизинг берушінің арасында жасалған сатып алу-сату шартын орындау жөнінде, атап айтқанда, лизинг нысанасының сапасы мен жиынтықтылығына, оны беру мерзіміне қатысты және сатушы шартты тиісті дәрежеде орындамаған басқа да жағдайларда тікелей лизинг алушының алдында жауапты болады. Бұл орайда лизинг алушы өзі аталған лизинг нысанасын сатып алу-сату тарабы болғандағыдай, сатып алынған лизинг нысанасына ақы төлеу міндетін қоспағанда, сатып алушы үшін Азаматтық кодексте көзделген құқықтарға ие болады және міндеттемені мойнына алады. Егер сатушы лизинг алушы қоятын талаптармен

келісетін болса, онда лизинг алушыға лизинг нысанасын беру шарттарының кез келген өзгерістері (жиынтықтамалығы, жеткізілу мерзімі және т.б.) міндетті түрде лизинг берушімен келісілуге тиіс.

Сатушымен арадағы қатынастарда лизинг алушы мен лизинг беруші ынтымақтас кредит берушілер болады.

3. Егер лизинг шартында өзгеше көзделмеген болса, сатушыны таңдау құқығы лизинг берушіде болатын жағдайларды қоспағанда, лизинг беруші сатушының сатып алу-сату шартынан туындайтын талаптарды орындауы үшін лизинг алушының алдында жауап бермейді. Мұндай жағдайда лизинг алушы өз қалауы бойынша ортақ жауапкершілікте болатын тікелей мүлік сатушыға да, лизинг берушіге де сатып алу-сату шартынан туындайтын талаптарды қоюға құқылы.

4. Лизинг беруші сы Заңның 11-бабы 2-тармағының 2) және 2-1) тармақшаларына сәйкес сатушыға хабарлау жөніндегі міндетін бұзған жағдайда лизинг беруші сатып алу-сату шартынан туындайтын талаптарды сатушының орындауы үшін лизинг алушының алдында толық жауапты болады.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2004.03.10. N 532 Заңымен.

15-бап. Лизинг шарты

1. Лизинг беруші лизинг шарты бойынша сатушыдан өз меншігіне сатып алған және лизинг алушымен келісілген лизинг нысанасын төлемақысына лизинг алушының уақытша иеленуіне және пайдалануына беруге міндеттенеді.

2. Лизинг шартының мынадай елеулі талаптары болуы тиіс:

1) шарттың нысанасы;

2) сатушыны және лизинг нысанасын кімнің таңдап алғаны көрсетілген лизинг нысанасын сатушының атауы;

3) лизинг нысанасын лизинг алушыға берудің шарттары мен мерзімі;

4) лизинг төлемдерінің мөлшері мен кезеңділігі;

5) лизинг нысанасының құны;

6) шарттың қолданылу мерзімі;

7) егер лизинг нысанасының лизинг алушының меншігіне ауысуы шартта көзделген болса мұндай ауысудың шарттары;

8) лизинг нысанасының сипаттамасы;

9)-13)

Осы талаптар болмаған жағдайда лизинг шарты жасалмаған болып саналады.

3. Тараптардың келісімі бойынша лизинг шартына өзге де ережелер енгізілуі мүмкін.

4. Лизинг шарты жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Лизинг шартының жазбаша нысанын сақтамау оның маңызсыздығына алып келеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақпен толықтыру көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.05.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.03.10. N 532; 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Лизинг шартының қолданылуы

1. Лизинг шартының мерзімін осы Заңның 2-бабында белгіленген ережелерді ескере отырып, тараптар айқындайды.

2. Егер заңдарда немесе лизинг шартында өзгеше көзделмеген болса, лизинг шарты оған қол қойылған кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

3. Лизинг шарты тараптар өздерінің барлық міндеттемелерін орындап болған кезден бастап, сондай-ақ заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда өзінің күшін жояды.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2004.03.10. N 532 Заңымен.

17-бап. Лизинг шартын өзгерту және бұзу

Лизинг шартын өзгерту және бұзу Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында немесе лизинг шартында айқындалатын тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы 2004.03.10. N 532 Заңымен.

18-бап. Лизинг берушіні немесе лизинг алушыны ауыстыру

Егер осы Заңда, лизинг шартында немесе Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмеген болса, лизинг беруші және лизинг алушы лизинг шарты бойынша өздеріне тиесілі құқықтың бәрін тараптардың екіжақты келісім бойынша үшінші бір тұлғаларға беруге құқылы.

19-бап. Лизинг нысанасын лизинг алушыға беру

1. Егер лизинг шартында немесе сатып алу-сату шартында өзгеше көзделмеген болса, сатушы лизинг нысанасын тікелей лизинг алушыға оның жүрген жерінде береді.

2. Егер лизинг шартында өзгеше көзделмесе, лизинг нысанасы лизинг алушыға оның барлық керек-жарағымен және оған қатысты құжаттармен (жинақталымын, қауіпсіздігін, сапасын, монтаждалуын, жөнге келтірілуін, пайдаланылуын және басқаларын куәландыратын құжаттарымен) бірге беріледі.

3. Сатушы лизинг нысанасын сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, егер лизинг шартында өзгеше көзделмесе, осыған байланысты залалдарды лизинг шартының сатушыны таңдаған тарабы көтереді.

4. Лизинг нысанасы лизинг шарты бойынша оны пайдалану мақсаттарына сәйкес келмеген жағдайда, егер лизинг шартында өзгеше көзделмесе, осыған байланысты залалдарды лизинг шартының лизинг нысанасын таңдаған тарабы мойнына алады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2004.03.10. N 532 Заңымен.

20-бап. Лизинг нысанасына байланысты мүлiктiк тәуекелдер

1. Лизинг нысанасының сақталуы үшін, сондай-ақ оны техникалық құжаттамада көзделген көлемде пайдалануға болмайтын жағдайға әкеп соқтырған оның жойылуына, жоғалуына, бүлінуіне, мерзімінен бұрын қирауына, ұрлануына және лизинг нысанасын монтаждау, жинау немесе пайдалану кезінде жіберілген ағаттықтарға байланысты тәуекелдер және лизинг нысанасын нақты қабылдау кезіндегі басқа да мүлiктiк тәуекелдер үшін жауапкершілікті, егер шартта өзгеше көзделмесе, лизинг алушы мойнына алады.

2. Лизинг шартында лизинг берушінің немесе лизинг алушының лизинг нысанасын сақтандыру жөніндегі міндеті көзделуі мүмкін.

3. Егер лизинг нысанасын сақтандыруға міндетті тарап лизинг шартының талаптарына сәйкес сақтандыруды жүзеге асырмаған болса басқа тарап лизинг нысанасын сақтандырып, міндетті тараптан сақтандыру төлемі түріндегі шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

4. Лизинг нысанасының жойылуы, жоғалуы, бүлінуі, ұрлануы немесе лизинг нысанасының өз функцияларын жоғалтуы немесе егер лизинг алушы жауап бермейтін жағдаяттарға байланысты мүлiк пайдалануға жарамсыз күйде болса, лизинг алушыны лизинг шарты бойынша міндеттемелерден босатпайды және, егер лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, лизинг алушының талабы бойынша лизинг шартын мерзімінен бұрын бұзуға негіз болып табылмайды.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2004.03.10. N 532 Заңымен.

21-бап. Лизинг төлемдері

Лизинг төлемдері - лизинг шартын жасаған кездегі баға бойынша лизинг нысанасы құнының барлық немесе елеулі бөлігінің өтелуін ескере отырып есептелуге тиіс және лизинг шартының қолданылу мерзімі бойына жүзеге асырылатын, лизинг шарты қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде лизинг шарты бойынша төлемдердің жалпы сомасын білдіретін мерзімдік төлемдер, оған мыналар енеді:

1) лизинг шартына сәйкес лизинг берушіге лизинг нысанасын сатып алуға жұмсалған шығындарды және лизинг нысанасын сатып алуға, жеткізіп беруге және нысаналы түрде пайдаланылуы үшін оны жұмыс істейтін күйге келтіруге тікелей байланысты кез келген басқа шығындарды өтеу;

2) лизинг бойынша сыйақы.

Заңымен.

22-бап. Лизинг есебі

Лизинг есебі бухгалтерлік есеп жөніндегі заңдардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

23-бап. Лизинг нысанасын қайтару

1. Лизинг алушы лизинг нысанасын, егер лизинг шартында лизинг алушының лизинг нысанасын өз меншігіне сатып алу құқықтары мен міндеттері көзделмесе не ол лизинг нысанасын сатып алудың көзделген құқығын пайдаланбаса не лизинг шарты сот тәртібімен мерзімінен бұрын тоқтатылса, сондай-ақ лизинг шартында және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда қайтаруға тиіс.

2. Лизинг нысанасы қалыпты тозуды ескере отырып, лизинг алушы оны қандай күйде алса, сондай күйінде немесе лизинг шартында ескертілген күйінде қайтарылуға тиіс.

3. Қайтарылатын лизинг нысанасының жай-күйі осы баптың 2-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін болса, егер лизинг шартында өзгеше көзделмеген болса, лизинг алушы лизинг берушіге келтірілген залалды өтейді.

4. Егер лизинг нысанасы лизинг алушының дұрыс пайдаланбауы салдарынан оның техникалық сипаттамаларында ескертілген мерзімнен бұрын қалыпты жұмыс жағдайынан шығып қалып, лизинг берушіге қайтарып берілсе, онда, егер лизинг шартында өзгеше көзделмеген болса, лизинг алушы лизинг берушіге залалды өтеуге міндетті.

5. Егер лизинг алушы лизинг нысанасын қайтаруға міндетті болғанымен, оны қайтармаса не дер кезінде қайтармаса, лизинг берушінің бүкіл кешіктірілген кезең үшін лизинг төлемдерін төлеуді талап етуге құқығы бар. Егер лизинг төлемдері лизинг берушіге келтірілген залалдың орнын толтырмайтын болса, оның осы залалды өтеуді талап етуге құқығы бар.

Заңымен.

24-бап. Лизинг нысанасын талап ету

1. Лизинг берушінің, егер лизинг шартында өзгеше көзделмесе, лизинг нысанасын, шартта немесе Қазақстан Республикасының заң актілерінде айқындалатын жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен талап етуге құқығы бар.

2. Лизинг берушінің лизинг нысанасын мына жағдайларда:

1) егер лизинг алушының лизинг нысанасын пайдалануы лизинг шартының талаптарына немесе лизинг нысанасының арналған мақсатына сәйкес келмесе;

2) егер лизинг алушы лизинг берушінің лизинг нысанасына қол жеткізуін шектесе;

3) егер лизинг алушы белгіленген көлемдегі лизинг шарты бойынша лизинг төлемдерін шартта көзделген мерзімде қатарынан екі немесе одан көп рет төлемесе даусыз талап етуге құқығы бар.

3. Лизинг нысанасын даусыз талап ету Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес бұйрық ісін жүргізу тәртібімен жүзеге асырылады.

4. Сот бұйрығын шығару үшін лизинг беруші:

1) өтініш;

2) лизинг шартын;

3) өтініш берерден кемінде бір ай бұрын лизинг алушыға жіберілген лизинг нысанасын ықтимал талап ету туралы жазбаша Ескертуді;

4) лизинг алушының лизинг төлемдерін нақты төлегенін растайтын құжаттарды тапсырады.

5. Лизинг алушы сот бұйрығының көшірмесін алған күннен бастап он күн мерзім ішінде лизинг нысанасын талап ету туралы мәлімделген талапқа білдірген қарсылығын кез келген байланыс құралдарын пайдалана отырып, бұйрық шығарған сотқа жіберуге құқылы.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.03.10. N 532 Заңымен.

2-1-тарау. Ислам лизингін жүзеге асырудың ерекшеліктері

Ескерту. Заң 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР 27.04.2015 № 311-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24-1-бап. Ислам лизингін жүзеге асыруға қойылатын талаптар

1. Ислам лизингі бойынша қызметті жүзеге асыру кезінде заңды тұлғалар исламдық қаржыландыру қағидаттарын, сондай-ақ осы бапта белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

2. Исламдық қаржыландыру қағидаттары:

1) лизинг берушінің темекі, алкоголь өнімінің өндірілуіне және (немесе) саудасына, қару-жарақ пен оқ-дәрілерге, ойын бизнесіне байланысты қызметті, сондай-ақ исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес қаржыландыруға тыйым салған кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлерін қаржыландыруына тыйым салу;

2) лизинг берушінің ислам лизингіне жататын ақшаны инвестициялаудан түскен пайыздар түрінде сыйақы алуына тыйым салу болып табылады.

Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес немесе исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі сыртқы тәуелсіз сарапшы (бұдан әрі – сыртқы тәуелсіз сарапшылар) лизинг беруші мен лизинг алушының қызметіне қойылатын, сақталуы міндетті өзге де талаптарды қосымша айқындауға құқылы.

3. Лизинг алушының осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің

1) тармақшасында көрсетілген қызметті жүзеге асыру үшін лизинг нысанасын пайдалануына немесе оны қосалқы лизингке беруіне жол берілмейді.

4. Лизинг нысанасына меншік құқығы лизинг алушыға ислам лизингі шарты бойынша лизинг берушінің алдындағы міндеттемелерді ол орындағаннан кейін жеке келісім негізінде өтеді.

5. Лизинг нысанасы лизинг алушыға берілгеннен кейін лизинг алушы лизинг төлемдерін төлеуді жүргізеді.

6. Лизинг алушының міндеттемелерді ішінара немесе толық көлемде орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасын лизинг беруші исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің немесе сыртқы тәуелсіз сарапшылардың шешімі бойынша қайырымдылық көмекке жіберуі мүмкін.

7. Ислам банкі болып табылмайтын лизинг беруші өзге де қызмет бойынша кірістер мен шығыстардан ислам лизингі бойынша кірістер мен шығыстардың бөлек есебін жүргізеді.

24-2-бап. Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің қызметі

1. Ислам лизингі мәмілелерінің сәйкестігін айқындау үшін лизинг беруші міндетті түрде исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесті құрады. қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда, лизинг беруші исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесті құрмай, ислам лизингі мәмілелерінің исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкестігі туралы қорытынды алу үшін сыртқы тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.

Сыртқы тәуелсіз сарапшыларға қойылатын талаптар қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес директорлар кеңесінің ұсынымы бойынша лизинг беруші акционерлерінің жалпы жиналысы тағайындайтын тәуелсіз орган болып табылады. Сыртқы тәуелсіз сарапшыларды лизинг берушінің директорлар кеңесі айқындайды.

3. Лизинг берушінің ислам лизингін реттейтін ішкі нормативтік құжаттары исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің немесе сыртқы тәуелсіз сарапшылардың оң қорытындысы болған кезде лизинг берушінің директорлар кеңесінің бекітуіне жатады.

4. Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері, сондай-ақ оны құру тәртібі және оның мүшелеріне қойылатын талаптар лизинг беруші акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен ережеде айқындалады.

5. Сыртқы тәуелсіз сарапшылардың міндеттері, функциялары, өкілеттіктері және оларға қойылатын талаптар лизинг берушінің директорлар кеңесі бекіткен ережеде айқындалады.

Ескерту. 24-2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

24-3-бап. Ислам лизингі шарты

1. Ислам лизингі шартында мынадай елеулі талаптар қамтылуға тиіс:

1) шарт нысанасы;

2) лизинг нысанасын пайдалану мақсатын және исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес лизинг нысанасын лизинг алушының нысаналы пайдалануын сақтау міндеттемесін көрсету;

3) лизинг нысанасын лизинг алушыға беру шарттары мен мерзімі;

4) лизинг төлемдерінің тіркелген мөлшері мен мерзімділігі;

5) лизинг нысанасының тіркелген құны;

6) лизинг нысанасының берілуіне байланысты лизинг алушы өтеуге жататын лизинг беруші шығыстарының толық тізбесі мен мөлшері;

7) шарттың қолданылу мерзімі.

2. Ислам лизингі шартында лизинг нысанасының лизинг алушының меншігіне өтуі көзделмейді. Лизинг нысанасына меншік құқығы жеке келісім негізінде лизинг алушыға өтуі мүмкін.

3. Лизинг берушінің меншігінде емес лизинг нысанасына ислам лизингі шарты жасалған жағдайда, ислам лизингі шартында сол уақыт ішінде лизинг берушіге лизинг нысанасын құру немесе оны меншігіне сатып алу құқығы берілетін мерзім көзделеді.

4. Лизинг беруші ислам лизингі шартының талаптарына сәйкес келмейтін мүлікті берген жағдайда, лизинг алушының ислам лизингі шартын орындаудан бас тартуға немесе ислам лизингі шартының талаптарына сәйкес келетін мүлікті лизингке беруді талап етуге құқығы бар.

5. Ислам лизингі шарты бойынша лизинг төлемдеріне тараптардың өзара келісуі бойынша лизинг берушінің сақтандыруға, күрделі жөндеу жүргізуге арналған шығыстары және өзге де шығыстар қосылуы мүмкін.

6. Осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайларды, сондай-ақ ислам лизингі нысанасын монтаждау және жинау кезінде жол берілген жаңсақтықтарға байланысты мерзімінен бұрын қирау жағдайын қоспағанда, ислам лизингі шарты бойынша лизинг алушы осы Заңның 20-бабының 1-тармағында көрсетілген мүліктер мен тәуекелдердің сақталуына жауапты болады.

7. Лизинг нысанасы жойылған, жоғалған, бүлінген, ұрланған немесе лизинг алушы жауап бермейтін мән-жайларға орай лизинг нысанасы өзінің функцияларын жоғалтқан жағдайда, ислам лизингі шарты бойынша лизинг алушы міндеттемелерден босатылады және оның ислам лизингі шартын бұзуға құқығы бар.

24-4-бап. Ислам лизингі операцияларын исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келмейді деп тану салдарлары

1. Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес немесе сыртқы тәуелсіз сарапшылар жасалу сатысындағы мәмілені осы Заңның 24-1-бабының 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді деп таныған жағдайда, мұндай мәміле жасалмайды және орындалмайды.

2. Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес немесе сыртқы тәуелсіз сарапшылар жасалған, бірақ орындалмаған немесе ішінара орындалған мәмілені осы Заңның 24-1-бабының 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді деп таныған жағдайда, мұндай мәміле Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын бұзылады.

3. Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес немесе сыртқы тәуелсіз сарапшылар орындалған немесе ішінара орындалған мәмілені осы Заңның 24-1-бабының 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді деп таныған жағдайда, мұндай мәміле бойынша кіріс қайырымдылыққа жіберілуге тиіс.

3-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

25-бап. Лизинг қызметін жүзеге асыру режимі

1. Осы Заңға сәйкес жүзеге асырылатын лизинг қызметіне Қазақстан Республикасының инвестициялар саласындағы заңнамасында көзделген инвестициялық қызметті жүзеге асырудың құқықтық және экономикалық режимі қолданылады.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тауарларды уақытша әкелудің және уақытша әкетудің кедендік рәсімі қолданылатын лизинг заттарының тізбесін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.03.10. N 532, 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

25-1-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік

Осы Заңды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 25-1-баппен толықтырылды – ҚР 2004.03.10. N 532 Заңымен.

26-бап. Осы Заңның қолданысқа енуі

Осы Заң жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК